

2012 жылы Алматы қаласында жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 1 наурыздағы N 1/148 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2012 жылғы 15 наурызда N 923 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 1 ақпандағы N 1/58 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 01.02.2013 N 1/58 қаулысымен (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27 бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5 тармағына және 20 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2012 жылға арналған ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері және көлемдері бекітілсін.

2. Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қоғамдық жұмыстарды орындауға жұмыс берушілермен шарттар жасауға өкілеттік берілсін.

3. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбекақысы айына ең төменгі екі айлық жалақы мөлшерінде белгіленсін.

4. Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы:

1) 2012 жылға арналған Алматы қаласы бюджетінде қоғамдық жұмыстарды жүргізуге қарастырылған қаражат шегінде жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберуді жүзеге асырсын;

2) қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбекақысын төлеу олардың екінші деңгейдегі банктердегі жеке шоттарына ақшалай қаражатты аудару жолымен жүргізілсін.

5. Алматы қаласы әкімдігінің «2011 жылы Алматы қаласында жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы» 2010 жылғы 6 желтоқсандағы № 4/916 қаулысының күші жойылды деп танылсын (нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2010 жылы 29 желтоқсанда № 868 болып тіркелген, «Алматы Ақшамы» газетінің 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 1 санында, «Вечерний Алматы» газетінің 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 1-2 с а н ы н д а ж а р и я л а н ғ а н).

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары М. Мұқашевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап күшіне енеді және алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

А. Есімов

А л м а т ы қ а л а с ы ә к і м д і г і н і н
2012 жылғы 1 наурыздағы № 1/148
қаулысымен бекітілген

2012 жылға арналған ұйымдардың

ТІЗБЕСІ,

қоғамдық жұмыстардың түрлері және көлемдері

№ р/с	Жұмыс түрлері	Жұмыс істейтін адам саны	Ұйымдар	Қоғамдық жұмыстардың көлемі мен нақты жағдайлары
1.	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарына аумақтарды жинауға көмек	1558	Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты, «Тазалық Сити» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Алматы Тазалық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Алматы қаласы Алмалы, Әуезов, Бостандық аудандары әкімдері аппараттарының көріктендіру бөлімдері, Алмалы, Медеу, аудандары әкімдері аппараттарының коммуналдық шаруашылық бөлімдері, «Жетісу» қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі, Медеу ауданы Алатау кенті әкімінің аппараты, «Тұран» үй-жайлардың меншік иелері кооперативтерінің қауымдастығы және тағы басқалар	Келісім-шартқа сәйкес
2.	Өңірді экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және көріктендіру)	114	«Тәртіп» акционерлік қоғамы, «Эталон» Құрылыс-жөндеу кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Компания Отау LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және тағы басқалар	Келісім-шартқа сәйкес
			Алматы қаласы аудандарының «Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Алматы қалалық құқық тәртібін қорғауға жәрдемдесу	

3.	Өңірлік қоғамдық науқандарды жүргізуге көмек	1547	жөніндегі қоғамдық бірлестігі» қоғамдық бірлестігі, Алматы қаласы Алатау, Алмалы, Медеу, Түркісіб аудандық ішкі істер басқармаларының көші-қон полициясы бөлімдері, «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі, «Нұр Отан» Халықтық демократиялық партиясы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты» қоғамдық бірлестігі, Алмалы ауданы әкімі аппаратының полицияға қоғамдық жәрдемдесу штабы, «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының Алмалы, Бостандық, Жетісу, Түркісіб аудандық филиалдары, Әуезов, Түркісіб аудандары әкімдері аппараттарының жергілікті өзін-өзі басқару комитеттері, «Қазақстан Республикасының ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Әуезов аудандық филиалы, Бостандық ауданының көші-қон полициясының басқармасы, Медеу аудандық Ішкі істер басқармасы, Алматы қаласы Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің жинақтау орны, Алматы қаласы Түркісіб ауданының әділет басқармасы, «Правопорядок-Т» қоғамдық қоры және тағы басқалар	Келісім- шартқа сәйкес
4.	Қарттар мен мүгедектерге күтім жасау, балалармен жұмыс, әлеуметтік қызмет көрсетумен байланысты өзге де жұмыстар	781	«Алатау ауданының мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі, «Қарасу» қоғамдық бірлестігі, «Ұлжан Ұлысы» қоғамдық бірлестігі, «Намыс» жоғары білімі бар мүгедектердің қоғамдық бірлестігі, «ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес орталығы» мемлекеттік мекемесі, «№ 1 оқушылар үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, «Қарлығаш» жеке кәсіпкер, Алматы қаласы жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры, «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» мемлекеттік мекемесі, «Қарулы Күштердің мүгедектерге жәрдемдесу қоры» қоғамдық қоры, «Көпбалалы отбасылар одағы» қоғамдық бірлестігі, «Шапағат» Ауғанстан соғысы ардагерлерінің және мүгедектерінің қоғамдық қоры, «Ардагер» Ауғанстан соғысы ардагерлерінің мен мүгедектерінің қоғамдық қоры, «Родник» Балалар және әйелдердің әлеуметтік психологиялық бейімдеу және сауықтыру орталығы» қоғамдық қоры, Жетісу ауданының мүгедектер қоғамы, «Қамқорлық» дағдарыс орталығы, Түркісіб	

		аудандық мүгедектердің ерікті қоғамы, « Әскер» құқықтық орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, « Қазақ зағиптар қоғамы қоғамдық бірлестігінің «Алматы № 2 оқу-өндірістік кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Түркіб аудандық қайырымдылық қоры және тағы басқалар	Келісім- шартқа сәйкес
	БАРЛЫҒЫ	4000	

Ескертпе: еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсынысқа қарай және жұмыс түрлері бойынша қатысушылардың саны және ұйымдардың тізбесі 2012 жылы қоғамдық жұмыстарды жүргізуге Алматы қаласы бюджетінде қарастырылған қаражат шегінде өзгеруі мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК